



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ  
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY  
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ  
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY  
**«Bilim berý praktikasy sapasyn  
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**  
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

**MATERIALDARY**

I KİTAP



I КНИГА

**МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ  
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения  
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.  
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)**

**КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

Мемлекет пен ұлт бір орнында тұрмайтын, үнемі жылжып, алға қадам басып дамып отырады. Ол өмір сүру үшін заманға сай саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық өзгерістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Екі ғасыр тоғысқан алмағайып заманда Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің зор мүмкіндігі беріліп отыр. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты мақсаты. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған иланбағандар тарихтың көлеңкесінде көміліп қала береді.

Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшыкерек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай-талай жаңалық ашар білімділер көбейе берсін!!

Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік. “Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан!” – деп Ұлы ақын Абай атамыздың сөзімен мақаламды аяқтаймын.

Ең бастысы – бағыт-бағдарымыз анық, жолымыз жарқын болсын!!

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 2017 11.01.
2. Жастарды патриотизмге тәлімдеу - мұғалімнің басты міндеті// Қазақстан орта мектебі-2005-№9
3. Патриоттық тәрбие және Бауыржан Момышұлы// Қазақстан мектебі. – 2006. №3 – 63-70 б.

## **СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ В РК В КОНТЕКСТЕ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»**

Бекбосынова Нурзипа Сартаевна,  
биология пәні мұғалімі «ФМН.НЗМ»,  
Қостанай қ.

#### **Аннотация**

*Өзектілігі. Қазіргі заманда оқытудағы ұлттық жоспардың мақсаты, оқушылардың білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету, немесе функционалдық сауаттылықты дамыту болып табылады. Ал практикалық жұмыстар болса, функционалдық сауаттылықты дамытудың әдіс - тәсілдерінің бірі болып табылады, себебі теориялық білімдерін практика жүзінде орындап, бекітеді..*

*Мақсаты. Биология сабағында практикалық жұмыстар 10 сынып оқушыларының тақырыптарды игеруіне қаншалықты әсер ететінін анықтау.*

#### **Аннотация**

*Актуальность. Целью государственного развития в современном образовании является эффективное использование теоретических знаний в повседневной жизни, или развитие функциональной грамотности. При этом, практическая работа, является одной из форм учебной деятельности способствующей формированию и развитию вышеуказанных навыков, поскольку закрепляет теоретические знания и направляет к новым исследованиям.*

*Цель. Определить влияние практической работы на усвоение учащимися 10-х классов цели обучения.*

#### **Abstract**

*Relevance: The goal of government development in modern education is the effective use of theoretical knowledge in everyday life, or development of functional literacy. At the same time, practical work is one of the forms of educational activities that promotes the formation and development of these skills needed in everyday life, as it consolidates theoretical knowledge and leads to new research.*

Goal . *Determine the effective impact of practical work in Biology of 10th grade students.*

**Кілт сөздер:** практикалық жұмыстар, моделдеу, сауалнама, топтық жұмыс, жұптық жұмыс, нәтиже, өздігінен білім алу дағдысы, ынтымақтастық.

**Ключевые слова:** практические работы, моделирование, работа в группе, работа в парах, результат, навыки самообразования, сплоченность

**Keywords:** practical work, modeling, group work, work in pairs, result, self-education skills, cohesion

«Биология сабағында практикалық жұмыстар оқушылардың тақырыптарды игеруіне қаншалықты әсер етеді?»

Кіріспе: Қазіргі білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі оқушыларды оқытып, білім беріп ғана қоймай, сол білімді күнделікті өмірде қолдана білуге, мектеп қабырғасымен қоштасқаннан кейін үлкен өмірде өздерінің көзқарастарымен, қоғамда болып жатқан үрдістерге әсер ете білуге және сол өмірде адасып қалмай өздерінің жолдарын таба білуге даярлау болып табылады. Осы мақсаттарға жету үшін практикалық жұмыстардың маңызы зор. Биологияны оқыту, теорияны ғана емес, практикалық жұмыстар жасауды талап етеді. [3, б. 6].

Ал практикалық жұмыс дегеніміз мұғалімнің бағыттауымен, бақылауымен оқушылардың тапсырма бойынша өздігінен жұмыс жасауы. Оқушылар жұмыс барысында мақсатқа жету үшін теориялық білімдерін , практика жүзінде көрсетеді, графиктер сызып, талдау жасап , есептеулер жүргізеді. [1, б. 21].

Биология сабағында практикалық жұмыстарға жатады: есеп шығару, модельдеу, зертханалық жұмыстар, демонстрация, тәжірибелер жасау, алған білімді бекіту және қорытындылау. Практикалық жұмыстарды жасаған кезде, алдыңғы білімдерін қолдана білу.

Практикалық жұмыстардың алдында теориялық материалдармен танысып, тәжірибе болса, оны демонстрациялайды.

Практикалық жұмыстарды мақсатқа жету үшін, сабақтың әр кезеңінде қолдануға болады.

Жыл сайын жүйелі түрде жүргізілген практикалық жұмыстар терең білім алуға және жақсы еске сақтауға көмектеседі. [1, б. 17].

Негіздеме: Ресей педагогтары Колесова М.С. мен С.В.Корякинаның айтуынша мектепте лабораториялық және практикалық жұмыстарды жасау биология пәнін оқытудың негізгі іргетасы болып саналады. Оқушы құбылыстарды зерттей отырып, тәжірибелер жасап, организмдерді зерттеп, керекті ақпаратты іздене отыра, қызыға отыра табады. [5, б. 12].

Сондықтан олардың ойларымен келісе отырып, аз уақыт болса да, осы тақырып зерттелді.

**Мақсаты:** Биология сабағында практикалық жұмыстар 10 сынып оқушыларының тақырыптарды игеруіне қаншалықты әсер ететінін анықтау.

**Жоба:** Зерттеуді ұйымдастыру барысында келесі қадамдар басшылыққа алынды:

1. Оқушылардан сауалнама алу.
2. Сауалнама арқылы практикалық жұмыстарды қалай жасаған тиімді екенін және қандай қиындықтар туындайтынын анықтау.
3. Практикалық сабақтарда оқушыларды бақылау
4. Оқушылардың жұмыстарын саралау.
5. Оқушылардың рефлексиясы.
6. Мұғалімнің рефлексиясы.

Зерттеу оқушылардың жұмыстарын, белсенділігін саралау арқылы өткізілді.

Зерттеу респонденттері немесе зерттеуге қатысушылар:

Зерттеу 10 «С» және 10 «Д» сынып оқушылары арасында өткізілді. Бұл сыныптың оқушыларының білім сапасы жақсы, сабақтағы белсенділігі және шығармашылық қабілеттері жоғары. Осы сыныптарда зерттеу жүргізілу себебі, емтихан тапсыратын оқушылар санының көп болуы. Сондықтан осы сынып оқушыларын бақылап, қателерін дұрыстап, бағыттап отыру қажет етеді .

7. 10 «С» және 10 «Д» сынып оқушыларына алдын ала зерттеу жүргізетіліні туралы ескертілді, олардың келісімі алынды .

8. Зерттеу құралдары: зерттеу мәліметін жинау үшін сұрастыру, сауалнама, бақылау, оқушылармен, кураторлармен, мұғалімдермен, ата-аналармен әңгімелесу, оқушылардың кері байланысы, стикерлер, оқушылардың қалыптастырушы бағалау жұмыстары.

9. Зерттеу үрдісі: оқушылардың практикалық жұмыстарды жасаған кезде қызығушылық танытқаны байқалды, бірақ оны реттеп жазу кезінде оқушылардың қиналатыны анықталды. Неліктен олардың қиналатынын және оларға практикалық жұмыстарды топпен, жұппен жасаған ыңғайлы ма, практикалық жұмыстардың ішінде қайсы ұнайтынын анықтау үшін сауалнама алынды .

**Сауалнама нәтижесі:**Сауалнаманың нәтижесінен (Диаграмма 1) оларға әсіресе модельдеу ұнайтыны анықталды, содан соң егер модельдеуге тақырып ыңғайлы болса, моделдеу жүргізу жоспарланды. Мысалы IVтоқсанда «Вирустың құрылысы мен қызметі» және «Вирустың тіршілік айналымы бактериофаг мысалында» атты тақырыптарды модельдеу жұмысын жұппен орындауға тапсырылып,оқушылар аденовирус пен бактериофагтың модельдерін жасады.Сонда байқалғаны, олар жұппен біріге отырып қызыға кірісті, вирустың әр бөлігінің атауын және қызметін бір-біріне айтып отырды.



Диаграмма 1 - Практикалық жұмыстардың ішінде қайсысы ұнайды?

Осы практикалық жұмыстарды қалай жасаған тиімді екенін анықтау үшін келесі сауалнама алынды.






Диаграмма 2 - Модельдеу мен лабораториялық жұмысты қалай жасаған ұнайды?

Сауалнама нәтижесі бойынша (Диаграмма 2) практикалық жұмыстарды жалғыз жасаған ұнамайтыны түсінікті болды, сондықтан оларды жұпқа бөліп немесе жұмыс күрделі болса, топқа бөлінді, енді осы жұмыстар қандай қиындықтар туғызатынын анықтау мақсатында сауалнама алынды.

Сауалнама нәтижесі:



Диаграмма 3 - Модельдеу жұмысын орындағанда қандай қиындықтар туғызады?



Диаграмма 4 - Лабораториялық жұмыстар орындау барысында қандай қиындықтар туғызады?

Сауалнама арқылы лабораториялық жұмыстарда оқушылар үшін қандай қиындықтар бар екенін білген соң, сол айнымалыларды қалай анықтауға болатыны

түсіндірілді, ол үшін әр оқушымен жеке жұмыс жасалды, оларға сондай тапсырмалар беріліп, нәтижесінде оқушылар өздігінен айнымалыларды дұрыс анықтай алатын болды.

Содан соң оқушыларға неліктен практикалық жұмыстар ұнайтынын анықтау үшін сауалнама жүргізілді.

Кез келген дені сау бала үшін зерттеушілік, ізденімпаздық табиғатына тән құбылыс қой, сондықтан олар: практикалық жұмыстар жасау қызықты, зерттеуге болады, түрлі құралдармен жұмыс жасайсын, бір орында отырмайсың деген сияқты жауаптар жазды.



Диаграмма 5 - Неліктен практикалық жұмыстар ұнайды?

Жиналған мәліметтер талдауы:

Практикалық жұмыстар өткізілгеннен кейін міндетті түрде қалыптастырушы бағалау жұмыстары алынды, себебі қаншалықты практикалық жұмыстар оқушылардың тақырып мазмұнын еске сақтауға көмектесетінін анықтау үшін керек болды. Жоғарыда айтып өткендей модельдеу жұмысы «Вирустың құрылысы мен қызметі» және «Вирустың тіршілік айналымы бактериофаг мысалында» атты тақырыптарда өтті, осы тақырыптар бойынша қалыптастырушы бағалау жұмысын алғанда 10 «С» сынып оқушыларында барлығы «жетті» деп бағаланды, ал 10 «D» сыныбында екі оқушы мақсаттарына жете алмады.

«Энергия тасымалының тиімділігін есептеу» тақырыбы бойынша оқушылар берілген практикалық жұмыстағы тапсырмаларды дұрыс орындап, есепті дұрыс шеше білді.

Жалпы осы қысқа мерзімді зерттеу болса да, практикалық жұмыстардың тақырыпты игеруіне тиімді әсер ететіні түсінікті болды.

Нәтиже: Оқушылардың қалыптастырушы бағалау жұмыстарын саралай отырып, жалпы практикалық жұмыстарды бақылаған кездегі бақыланған нәтижені саралай отырып төмендегідей қорытындылауға болады:

- оқушылардың өздігінен білім алу дағдысын, дамытуға мүмкіндік береді.
- топпен, жұппен жұмыс жасау арқылы достарымен қарым-қатынасын нығайтуға,
- бірлікке, ынтымақтастыққа, басқа адамның пікірімен санасуға тәрбиелейді
- оқушылардың тақырыпты тиімді игеруіне, сабақтың мақсатына жетулеріне оң әсер етеді.

Қорытындысы: Осы зерттеу арқылы практикалық жұмыстар оқушылардың өздігінен білім алуына, топпен, жұппен жұмыс жасау арқылы достарымен қарым-қатынасын нығайтуға, бірлікке, ынтымақтастыққа, басқа адамның пікірімен санасуға тәрбиелейтіні байқалды. Ал ең бастысы зерттеу алдында қойған мақсат орындалды.

Расында да практикалық жұмыстар оқушылардың оқу сапасына, тақырыпты тиімді игеруіне, сабақтың мақсатына жетулеріне оң әсер етеді.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. – Астана, БЖҒМ 2011.
2. Назарбаев Н. Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 28 қаңтар.
3. Өстеміров К., Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары. - Алматы, Рауан, 2006.
4. Белькова З.С. Моделирование на уроках биологий <https://infourok.ru> > Биология - мақала.
5. Колесова М.С., Корякина С.В. Особенности проведения практических и лабораторных работ. Новосибирск 2001.

## К ВОПРОСУ ОБ ОСМЫСЛЕНИИ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Бектурганова Римма Чингисовна  
доктор пед.наук, профессор, советник ректора,  
КГПУ им.У Султангазина

В настоящее время в педагогическом сообществе нет более актуальной проблемы, чем проблема модернизации системы образования. До сих пор идут дискуссии сторонников и противников внедрения обновленного содержания образования. В нашей статье хотелось бы акцентировать внимание педагогической общественности на то, что взят политический курс на присоединение к Организации экономического сотрудничества и развития (ОСЭР), самой мощной и сильной международной экономической организации развитых стран мира, поэтому модернизация системы образования необходима, так как нашей стране нужно соответствовать стандартам ОСЭР, а для этого нужно обновить содержание школьного образования.

Организация экономического сотрудничества и развития создана в 1961 году. Миссия ОСЭР – содействие политике улучшения благосостояния людей, что отражается в слогане организации best policies for better life (лучшая политика для лучшей жизни). ОСЭР объединяет 35 стран. Казахстан присоединился к ОСЭР в 2010 году. И первый мониторинг, проведенный по стандартам ОСЭР, показал, что наши 15 – летние учащиеся отстают от среднестатистических школьников стран ОСЭР по грамотности чтения на два с половиной года, по естествознанию – на два года и по математике – на полтора года. Были изучены причины такого отставания и анализ показал, что наша страна не отвечает международным стандартам в области содержания образования. Поэтому, в первую очередь, встал вопрос о необходимости обновления содержания образования в казахстанских школах.

В 2015 году Казахстаном была принята Дорожная карта обновленного содержания образования, которая состоит из конкретных шагов по формированию компетенций, принятых странами ОСЭР – уметь работать с информацией, технологиями и знаниями, быть в команде с партнерами и обществом. Дорожная карта включает в себя поэтапное внедрение 12- летнего образования, обновление стандартов школьного обучения для развития функциональной грамотности, внедрение новой модели полиязычного образования в старшей школе и вузах. Разработаны шаги по развитию критического мышления, навыков самостоятельного поиска информации, формированию IT- знаний. Начата работа по цифровизации образовательного процесса и контента. Внедряется политика трехязычия и системного изучения английского языка, идет переход казахского алфавита на латинскую графику.

Как видим, внедрение обновленного содержания образования - это политический курс государства и Дорожная карта по ее реализации должна быть выполнена. Вместе с



## МАЗМУНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

|  |    |
|--|----|
| <i>Әбіл Е. А., Университеты и их влияние на развитие регионов.....</i>   | 3  |
| <i>Бережнова Е. В., Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования.....</i>  | 6  |
| <i>Оспанов С., «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.....</i>   | 10 |
| <i>Онищенко Е.А., Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей.....</i> | 13 |

### СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

#### СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

|   |    |
|---|----|
| <i>Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К., Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі.....</i>   | 16 |
| <i>Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С., «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі.....</i>              | 19 |
| <i>Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б., Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.....</i>                        | 22 |
| <i>Алгожина Т. Ш., Исакова А. К., Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол.....</i>   | 25 |
| <i>Альмагамбетова З. А., Роль классного руководителя во внедрении современных тенденций образования программы «рухани жаңғыру».....</i> | 28 |
| <i>Арсеева С. Б., Исакова Ш. С., Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы.....</i>                        | 30 |
| <i>Артёмова Е. М., Роль методологии как концептуальной основы модернизации образования в РК в контексте «рухани жаңғыру».....</i>       | 35 |
| <i>Ахметов Т. А. Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.....</i>   | 40 |
| <i>Балгабаева Г. З., Байжанова С. А., «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i>        | 43 |
| <i>Балжанова А. М., К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи.....</i>                                      | 46 |
| <i>Бейбитқызы Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.....</i>                                  | 50 |
| <i>Бекбосынова Н. С., Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру».....</i>                                      | 53 |
| <i>Бектурганова Р. Ч., К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.....</i>   | 58 |